**ЦИКЛОГРАММА**

**Қыркүйек айы (20.09 -24.09) Ортаңғы «Күншуақ» тобы** **Әдіскер:Шамганова.С.О.**

**Тәрбиеші:Курганбаева.Ж.**

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша»

**Мақсаты:** Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

**Тақырыпша: «Жиһаздар»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 20.09.2021 | Сейсенбі 21.09.2021 | Сәрсенбі 22.09.2021 | Бейсенбі 23.09.2021 | Жұма 24.09.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (Үстел үсті, саусақ ой-ындары жәнет.б.) Таңғы жаттығу** | 7.45-8.40 | Тәрбиешілердің балалармен қарым- қатынасы:Денсаулық туралы жеке пікірлесу, балаларға жақсы көңіл күй сыйлау үшін ойындар ұйымдастыру. Жақсы көңіл күй ортасын қалыптастыру. | | | | |
| | | **ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН, ОЙЫН ЖАТТЫҒУЛАРЫ** | | | | |
| | | **Дидактикалық ойын: « Жиһаз атауына сөйлем құрау» Мақсаты:** түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту. | **Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты:** жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру. | **Дидактикалық ойын: « Жеке- жеке атын ата»** ( кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ)(алма, алмұрт, т.б.-жемістер)**Мақсаты:** ойлау қабілетін дамыту. | **Дидактикалық ойын: « Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты:**2-3 бөліктен құрастыруға үйрету | **Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» . Мақсаты:** балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. |
| | | **№2 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | 8.40-<br>9.00 | **Мәдени-гигиеналық машықтарды меңгеру және орындауды пысықтау**<br>Ойын жаттығуы ( «Су, су, менің беті-қолымды жу») | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | 9.00-<br>9.15 | ҰОҚ ұйымдастыру үшін балалардағы кішігірім қозғалыстағы ойын және ойын жаттығулары | | | | |
| | | **Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта»**<br><br>**Мақсаты:** балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету:Айгүл бөлмеге кіріп, шырынды ....қойды.(үстел үстіне) | **Дидактикалық ойын: «Доппен ойын»**<br><br>**Мақсаты:**Жиһаз атауларына қарама-қарсы сөздерді айтуға үйрету.<br><br>Мыс: үлкен орындық-кішкентай орындық; Жұмсақ диван-қатты диван... | **«Ағаш шебері» өлеңі**<br>Бұрқыратып иісін<br>Тақтай тілем ағаштан<br>Безендірем үй ішін<br>Жабдықтармен жарасқан<br>Болсын берік, көрікті<br>Пәтерлердің жасауы<br>Соған лайық ең мықты<br>Келер жиһаз жасағым<br>**Мақсаты:** Балаларды жиһаздың жасалу жолымен таныстыру. | **Дидактикалық ойын: «Жиһаз неден жасалған?»**<br><br>**Мақсаты:**Жиһаздың жасалу технологиясымен таныстыру.<br><br>Мыс: шкаф-ағаштан, орындық-пластмассадан.... | **«Мимикалық жаттығу»**<br>**Мақсаты:** балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.<br>Достар креслоға отырып еді, оның аяғы сынып қалды – «мұңаю».Не істейміз?»-«таң қалу». Таптық! – «қуаныш». Балға мен шеге алып, орындықты жөндедік – «қуаныш».Енді ешқандай қиындық жоқ! «Тыныштық» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметтері** | 9.15-10.20 | **1.Құрастыру Тақырыбы:** «Біздің орындық»<br>**Мақсаты:** құрылыс материал түрлерімен таныстыру. Ірі және ұсақ құрылыс бөлшектерінен құрастыруға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын**:«Топ жиһаздарын атайық»<br>**2.Жаратылыстану Тақырыбы:** «Ағаштар»<br>**Мақсаты:**. Ағаштардың 2-3 түрін тану және атауын атауға үйрету. Туған өлкенің өсімдіктер әлемін қорғауға деген құлшыныстарын арттыру, ағаштардан жасалатын бұйымдар туралы түсініктерін молайту<br>**Дидактикалық ойын:**«Ағаштан не жасалады?» | **І.Дене шынықтыру**<br>**(Негізгі қимылдар)**<br>1. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып жоғарыға қарай секіру.<br>2.Аяқты алшақ ұстаған қалыпта допты 1.5 м қашықтыққа домалату<br>**Қимылды ойын:** «Орындыққа кім жылдам жетеді?»<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жиһаз»**<br>**Мақсаты:** Жиһаз атауына сөйлем құрап үйрету.Мәтінді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу артикуляциялық дағдыларын | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Қоянға қонаққа барамыз»<br>**Мақсаты:** шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Заттарды көлеміне, пішініне байланысты орналастыра білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жиһаздың орнын тап»<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**(Негізгі қимылдар)**<br>1.Аяқты алшақ ұстаған қалыпта допты 1.5 м қашықтыққа домалату<br>2.4 м арақашықтықта заттардың арасымен жыланша еңбектеу<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» | **1.Дене шынықтыру**<br>**(Негізгі қимылдар)**<br>1. 4 м арақашықтықта заттардың арасымен жыланша еңбектеу<br>2.Биіктігі 20 см еңіс тақтай бойымен жүру<br>**Қимылды ойын:**<br>**«**Өз үйіңді тап»<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршаққа дәмді тоқаш береміз» (заттық мүсіндеу)<br>**Мақсаты:** Ермексаздың<br>қасиеттерімен таныстыру , дағдыларын жетілдіру.<br>Домалату, есу, әдістері арқылы тағамдарды мүсіндеу дағдыларын | **1.Музыка Тақырыбы**: «Музыкалық қобдиша»<br>**Мақсаты:** Музыканың көңіл-күйін ажыратуға, сипатына қимылмен жауап беруге, әннің сөздерін анық, нақты түсініп айтуға үйрету.<br>**Ән тыңдау:** «Көңілді, көңілсіз» Л.В.Бетховен<br>**Ән айту:** «Доп» Б.Жұмабекова **Әуенді-ырғақты қимылды ойын:** «Музыкалық қобдиша<br>**2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:** «Диасқа арналған диван» (шығармашылық тілді дамыту)<br>**Мақсаты**: Ересектемен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу дағдыларын жетілдіру. Сөздік қорларын молайту. Балабақшаға қажетті жиһаздардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру | | қалыптастыру.<br><br>**Кинетикалық құммен жұмыс**:<br>«Балабақшадағы тәтті тоқаш» | жеке бөліктерін сөзбен дұрыс атап айтуға үйрету.<br>**«Жиһаздарды құрастыр»** қиынды суреттермен жұмыс<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Ойыншыққа арналған сөре» (заттық сурет)<br>**Мақсаты:**Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттарды салу дағдыларын қалыптастыру<br>**Дидактикалық ойын:**«Сандықшаны әсемдейік» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту.<br>Мақсаты: қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру.<br>**Халық болжамы: Жазда саңырауқұлақ көп болса, қыс қатты болады.** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | 12.00-12.20 | **Киімдерін ауыстырып, шкафтарға ретімен жинау, балалардың еркін қызметі.** | | | | |
| **Түскі ас** | 12.20-13.00 | **Балалардың назарын тамаққа аудару; дұрыс, мәдениетті тамақтану бойынша жеке жұмыстар жүргізу;**<br>**Ойын- жаттығу**<br>Ас ішерде күнде біз,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз білмейміз. | | | | |
| **Тәтті ұйқы** | 13.00-15.10 | Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату | Балаларға ұйықтауға жағымды жаңдай жасау | Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату | «Құйыршық» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату | Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату |
| **Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары (ауа,су)** | 15.10-15.40 | Массажды жолақшамен жүру.<br>Ұйқы ашар жаттығулары. Картотека -№2<br>Ойын жаттығуы: «Су, су, менің беті-қолымды жу» | | | | |
| **Кешкі ас** | 15.40-16.10 | **Балалардың назарын тамаққа аудару; дұрыс, мәдениетті тамақтану бойынша жеке жұмыстар жүргізу;** | | | | |
| **Вариативтік компонент** | 16.10-16.15 | | | «Мақта қызбен мысық»ертегісі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өзіндік іс-әрекет, ойындар**<br><br>**Балалардың жеке даму картасы бойынша жеке жұмыс** | 16.15 -16.30 | **Мазмұнды- рөлді ойын:** «Жиhаздар»<br><br>**Мақсаты:**Жиhаз туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге бөліп ойнауға тәрбиелеу.<br><br>**Жеке баламен жұмыс:**<br><br>**Мақсаты:**Айшабибі мен сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. | **«Жұмбақтар»**<br><br>**Мақсаты:** Жиhаздар туралы жұмбақтарды шешуге дағдыландыру.<br><br>**Музыка жетекшісінің жұмысы:**<br><br>Көркемге өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, жатқа үйрету. | Ертегілер елінде<br><br>«Мақта қызбен мысық» ертегісі<br><br>Сахналық қойылым<br><br>Мақсаты: Достық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау. | **«Жиhаз» тақырыбында әңгімелесу.**<br><br>**Мақсаты:** Жиhаз туралы әңгіме айтып беруге үйрету.<br><br>**Психологтың жұмысы:**<br><br>Еламанмен өзін ортада қалай ұстау жөнінде жұмыс жүргізу. | **«Жұмбақтар»**<br><br>**Мақсаты:** Жиhаздар туралы жұмбақтарды шешуге дағдыландыру.<br><br>**Музыка жетекшісінің жұмысы:**<br><br>Айзереге өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, жатқа үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | 16.30-16.50 | Киіну: киімдерін реттеу (түймесін салу, бауын байлау т.б.) |
| **Серуен** | 16.50-17.50 | **Серуен №8**<br>**Арнайы көліктерді бақылау**<br><br>**Мақсаты:**<br>— Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>— Сөздік қорларын молайту.<br>**Бақылау барысы:**<br><br>**Көркемсөз**<br>. Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | «Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>**Сұрақтар.**<br>♦Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?(«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)<br>♦Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.)<br>♦Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.)<br>♦Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә)<br>♦ Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)<br>♦ Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіружәне милиция.)<br>**Еңбек.**<br>Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау<br>Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Аюлар мен аралар», «Допты бер».<br>Мақсаты:<br>— гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу;<br>— допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.<br>Мақсаты; алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.<br><br>**Мақал: «Сақтықта қорлық жоқ»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | 18.00-18.30 | Ата-аналарға кеңес:<br><br>Жиһазды қалай ұқыпты пайдалану керек | Ата-аналардан сұраныс:<br><br>Сіріңке қорабынан үстел жасап әкелу | Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме. | Жұмбақтар<br><br>Кіруге адам батпайды<br><br>Затыңды аман сақтайды (Сандық) | Үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады.Сол туралы балалрмен әңгімелесу |

Тексеру күні___20.09.2021ж.___

Кеңес берілді:

Ұсынылды:

**ЦИКЛОГРАММА**

**Қыркүйек айы (27.09 -01.10) Ортаңғы «Күншуақ» тобы** **Әдіскер:Шамганова.С.О.**

**Тәрбиеші:Курганбаева.Ж.**

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша»

**Мақсаты:** Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

**Тақырыпша: «Менің балабақшам»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 27.09.2021 | Сейсенбі 28.09.2021 | Сәрсенбі 29.09.2021 | Бейсенбі 30.09.2021 | Жұма 01.10.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар: (Үстел үсті, саусақ ой-ындары жәнет.б.) Таңғы жаттығу** | 7.45-8.40 | Тәрбиешілердің балалармен қарым- қатынасы:Денсаулық туралы жеке пікірлесу, балаларға жақсы көңіл күй сыйлау үшін ойындар ұйымдастыру. Жақсы көңіл күй ортасын қалыптастыру. | | | | |
| | | **ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН, ОЙЫН ЖАТТЫҒУЛАРЫ** | | | | |
| | | Еркін ойын Балабақша Мақсаты: ойыншықтардан балабақша құрастырады | Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап».Ойын Мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажырата алады. | Еркін ойын Менің балабақшам Мақсаты: Санау таяқшаларынан бейнелерді құрастыра алады. | «Ұшады, жүзеді, жүреді» дид. ойыны. Тәрбиеші көліктің түрлерін атайды, ал балалар қимыл-қозғалыс пен оны көрсетеді – ол ұша ма, жүре ме, жүзе ме? | Еркін ойын «Мамамның асханасы» Мақсаты: Аспазшы мамандығын түсінеді |
| | | **№2 КЕШЕНДІ ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА** | | | | |
| **Таңғы ас** | 8.40-9.00 | **Мәдени-гигиеналық машықтарды меңгеру және орындауды пысықтау** Ойын жаттығуы ( «Су, су, менің беті-қолымды жу») | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | 9.00-9.15 | Жыл мезгілдері» **Мақсаты:** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін біледі,мезгілдердің атауларын атайды | **Құрылымдалған ойын:** «Ойлан, тап» **Мақсаты:** Балалар сурет арқылы өз ойын еркін жеткізе алады. | «Бұл қай кезде болады?» **Мақсаты:** Балалар жыл мезгілін ажырата алады. | Секір-шапалақта» Қара да, қайтала **Мақсаты:** балаларды адамдардың түрлі қалыптағы бейнелері сызылған қағаздар (аяқтары бірге, оң қолы төмен,сол қолы жанына созылған т.с.с | «Кім жылдам?» **Мақсаты**: отбасы мүшелерін ажырата алады, оларды дұрыс атайды. |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметтері** | 9.15-10.20 | **I.Музыка** **Тақырыбы:** «Біздіңбалабақша» **Мақсаты:**Әннің мазмұнымен көңіл-күйін қабылдау. Сүйікті балабақша сытуралы ән айтуға үйрету **Әнтыңдау:** «Балабақшабағында» С. Кәрімбаев **Әнайту:** «Балабақша» Б.Бейсенова **Әуенді-ырғақтықимылдар:** «Көңілдіби» **II.Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Бөлме гүлдері» **Мақсаты:**Балалардың | **I .Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** **1.**Сапта бір –бірлеп, бірінің артынан бірі жүру **2.**Сапта бір –бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру **Қимылды ойын:** «Балабақша сарбаздары» **II.Орыс тілі** **Тема:** Мои друзья **Цель:** научить детей слушать, запоминать и правильно произносить русскую речь, понимать и отвечать на простые вопросы **Дидактическая игра:**«Кто это?» | **I.Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Бір» және «көп» ұғымдары **Мақсаты:** «Көп» және «біреу» ұғымдарын қалыптастыру, біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Қайсысы көп?» **II.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1.Сапта бір –бірлеп, бірінің артынан бірі жүру 2.2-3 м қашықтықта алға жылжи отырып, қос аяқтап секіру | **III. Дене шынықтыру** **(негізгі қимылдар)** 1.Сапта бір –бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру 2.Арақашықтығы 4 м тура бағытта еңбектеу **Қимылды ойын** **«Мені қуып жете аласың ба?»** **II.Жапсыру** **Тақырыбы:** «Досыма кесе сыйлаймын» **Мақсаты:** үлгіге қарап дайын пішіндерді қою арқылы заттың бейнесін | **I.Музыка** **Тақырыбы:** «Біздіңбалабақша» **Мақсаты:**Әнніңмазмұны менкөңіл-күйінқабылдау. Сүйіктібалабақшасытуралыәнайтуғаүйрету. **Әнтыңдау:** «Балабақшабағында» С. Кәрімбаев **Әнайту:** «Балабақша» Б.Бейсенова **Әуенді ырғақтықимылдар:** «Көңілдіби» **I.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** **«Балабақшаға саяхат»** **Мақсаты:** балабақша қызметкерлерімен және жұмыс орындарымен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бөлме гүлдері туралы түсініктерін кеңейту. Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылықтарын ояту. Байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлығын дамыту. Бөлме гүлдеріне қамқор болуға үйрету. **Дидактикалық ойын:«Досыма гүл сыйлаймын»** | | **Қимылды ойын: «Топ чемпиондары»** | жасауға үйрету. Желімді қылқаламға ұқыпты жағу дағдыларын дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Қиындыдан құрастыр» | таныстыру арқылы сөздік қорын кеңейту. Балабақша қызметкерлерімен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу. **Дидактикалық ойын:** «Кім не істейді?» **І.Суретсалу Тақырыбы:** «Балабақшашарбақтары» **Мақсаты:** бірнешекөлденеңжәнетікс ызықтардансуретсалудағд ыларынқалыптастыру. **Дидактикалықойын:** «Балабақшағашарбақжаса ймыз» |
| **Екінші ас** | 10.20 | **Мәдени-гигиеналық машықтарды меңгеру және орындауды пысықтау** Ойын жаттығуы ( «Су, су, менің беті-қолымды жу») | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | 10.30-10.40 | Серуенге қызығушылығын арттыру, балалармен жеке сұхбат: Балаларды серуенге дайындау:ойынға қажетті материалдарды іріктеу, балалармен жеке жұмыс. |
| **Серуен** | 10.40-12.00 | ***Серуен №9***<br>***Гүл егілген клумбаны бақылау***<br>***Мақсаты:***<br>*— өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;*<br>*— кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу;*<br>*— Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция)таныстыру*<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз:***<br>*Кешкілік пе, күндіз бе,*<br>*Өсіп тұрған гүлді үзбе.*<br>*Туған жерді далаға,*<br>*Тастай алмай жүрміз бе?*<br>*Жайнап өсіп далада,*<br>*Көздің жауын ала ма?*<br>*Бірде бірін жұлғызба,*<br>*Қасыңдағы балаға.*<br>***Балаларға сұрақтар:***<br>- *Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?*<br>- *Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?*<br>- *Қандай гүлдер күзде гүлдейді?*<br>***Зерттеу қызметі:***<br>*Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.*<br><br>***Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»***<br>***Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу.*<br>*Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Қ/О:*** *«Мені ата».*<br>*Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту.*<br>*«Қояндар мен түлкі».*<br>*Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту*<br>***Жаттығу ойындары:*** *Бір-біріне доп лақтыру*<br>*Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту*<br>***Мақал-мәтел: Қыз өссе елдің көркі,***<br>***Гүл өссе жердің көркі.*** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | 12.00-12.20 | **Киімдерін ауыстырып, шкафтарға ретімен жинау, балалардың еркін қызметі.** | | | | |
| **Түскі ас** | 12.20-13.00 | **Балалардың назарын тамаққа аудару; дұрыс, мәдениетті тамақтану бойынша жеке жұмыстар жүргізу;**<br>**Ойын- жаттығу**<br>Ас ішерде күнде біз,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз білмейміз. | | | | |
| **Тәтті ұйқы** | 13.00-15.10 | Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату | Балаларға ұйықтауға жағымды жаңдай жасау | Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату | «Құйыршық» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату | Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату |
| **Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары** | 15.10-15.40 | Массажды жолақшамен жүру.<br>Ұйқы ашар жаттығулары. Картотека -№2<br>Ойын жаттығуы: «Су, су, менің беті-қолымды жу» | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **(ауа,су)** | | | | | | |
| **Кешкі ас** | 15.40-16.10 | **Балалардың назарын тамаққа аудару; дұрыс, мәдениетті тамақтану бойынша жеке жұмыстар жүргізу;** | | | | |
| **Вариативтік компонент** | 16.10-16.15 | | | «Мақта қызбен мысық»ертегісі | | |
| **Өзіндік іс-әрекет, ойындар**<br><br>**Балалардың жеке даму картасы бойынша жеке жұмыс** | 16.15 -16.30 | Сюжетті-рольді ойын: **«Отбасы»**.<br>Мақсаты: «Отбасы»туралы түсінік беру, ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.<br>Құрылымдалған ойын<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:**<br>Мұстафаға сапта дұрыс жүру керектігін түсіндіру. | Сюжетті-рольді ойын:**«Дәрігер»**.<br>Мақсаты: Дәрігер туралы біледі.<br>Еркін ойын<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>Абдурахманға жыл мезгілін ажыратуды үйрету. | Ертегілер елінде<br>«Мақта қызбен мысық» ертегісі<br>Сахналық қойылым<br>Мақсаты: Достық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау. | Сюжетті-рөлдік ойын<br>**«Дүкенші»**<br>Мақсаты:Балалар сюжеттік ойынды ойнай алады.<br>Еркін ойын<br>**Психологтың жұмысы:**<br>Еламанмен өзін ортада қалай ұстау жөнінде жұмыс жүргізу. | Сюжетті-рольді ойын:**«Шаштараз»**.<br>Мақсаты:Балалар рөльге кіріп ойнай алады.<br>Еркін ойын<br>**Музыка жетекшісінің жұмысы:**<br>Айзереге өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, жатқа үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | 16.30-16.50 | Киіну: киімдерін реттеу (түймесін салу, бауын байлау т.б.) | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Серуен** | 16.50-<br>17.50 | ***Серуен №10***<br>***Ағаштарды бақылау***<br>***Мақсаты:***<br>- *күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;*<br>- *қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;*<br>- *ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);*<br>- *туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.*<br><br>***Бақылау барысы:***<br><br>***Көркем сөз:***<br>*Үйеңкі, қайың, қарағаш,*<br>*Самырсын, емен, қарағай.*<br>*Өседі бәрі аралас,*<br>*Бақшада өскен баладай.*<br>*Қаулап өскен ағаштар*<br>*Жеміс-жидек сайда да.*<br>*Хош иіске елітіп*<br>*Тынып қалған айнала*<br>*Қамқоршы болшы орманға*<br>*Орманды бәрің қорғаңдар!*<br>***Сұраққа жап беріңдер:***<br><br>*Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?*<br>*Қайың діңі қандай? (ақ қара дақтармен.)*<br>*Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? (діңі, тамыры, бұтағы)*<br>*Ағашқа тамыр не үшін керек?*<br>*Күзде қайың жапырағының түсі қандай? (сары.)*<br>*Жазда қандай еді? (жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі)* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)*<br>***Д/О.****«Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».*<br>*Мақсаты: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу*<br>*Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)*<br>***Қ/О:** «Қасқыр қақпан»*<br>*Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу*<br>***Тыйым сөздер: Ағашты кеспе,ағаш бұтағын сындырма,ағаш жапырағын жұлма*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | 18.00-18.30 | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата–аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Кері байланыс: Балалардың үйдегі әрекеті бойынша әңгіме. | Ата – аналарға кеңес:«Бала дамуына қандай ойыншықтар пайдаланған жөн» | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу |

Тексеру күні 24. 09. 2021ж Кеңес берілді:

Ұсынылды:

## ЦИКЛОГРАММА

**Қазан айы (04.10-08.10) Ортаңғы «Күншуақ» тобы**

**Тәрбиеші:Курганбаева. Ж.** **Әдіскер:Шамганова.С.О.**

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**

**Мақсаты: :** Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

**Апта тақырыбы: «Менің отбасым, ата – аналар еңбегі»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 04.10.2021 | Сейсенбі 05.10.2021 | Сәрсенбі 06.10.2021 | Бейсенбі 07.10.2021 | Жұма 08.10.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | 7.45-8.40 | **Ата-аналарды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Ата – аналармен, балалармен амандасу, балаларды қабылдау, t өлшеу, тазалығын тексеру. Сәлеметсіз бе!** | | | | |
| | | Сөздік ойын:<br>Біз тамшымыз мұхиттағы,<br>Бір теңіздің толқынымыз,<br>Бізге келіңіз,бізге келіңіз,<br>Бір жанұя боламыз<br><br>(қимылдармен көрсету) | Қуыр-қуыр,қуырмаш»<br>Оң қолының бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң,екінші балаға:ортаңғы саусағымды тапшы, -дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да,міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады. | «Үйдің есігін жабайық»<br>Заттарды көлеміне қарай үйге сыйатынын-сыймайтынын айту. | «Есімің кім?»<br>Тез тұрағой өтінем,<br>Кім болады есімің?<br>(балалар өз есімдерін атайды) | «Жел көбік»<br>(дөңгелене қол ұстасып тұрады)<br>Көпіре гөр көбік шар,<br>Көпіре гөр кеңіп,шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып. |

| | | |
|---|---|---|
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | | ***ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ № 3***<br>***Қазан 1-2 апта /лентамен/***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру. Қол белде, аяқтың сыртымен жүру.*<br>*Қол жанда, аяқтың ішімен жүру.*<br>*Көгершінге ұқсап ұшу . Шеңбер бойымен адымдап жүру.* |
| Таңғы ас | 8.40-9.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыры лған оқу қызметтері | 9.15-10.20 | **І.Музыка** Тақырыбы : «Отбасы» **Мақсаты:** Отбасы жылулығын сезіндіру. Ата-анасына,бауырларына арнап ән үйрету. ***Ән тыңдау:*** «Келші,келші балашым» Е Хасанғалиев ***Ән айту:*** «Менің отбасым» Л.З.Аитова («Үш тілдегі әндер» жинағынан) ***Әуенді ырғақты-қимылды ойын:*** «Бәсең және көтеріңкі» Е.Хасанғалиев **ІІ.Жаратылыстану Тақырыбы:** «Ғажайып қап» **Мақсаты:** Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірі табиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік- | **І.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)** 1 Биіктігі 20 см еңіс тақтай бойымен жүру; 2.Шеңберге кішігірім топтармен тұру (тәрбиешінің көмегімен); **Қимылды ойын:** «Сәбізді себетке тез жинайық» **ІІ.Орыс тілі Тема:**«Моя улица» **Цель:**Развивать артикуляционный аппарат, называтьнекоторые предметы ближайшего окружения. Учить правильно ставить ударение в словах при произношении **Дидактическая игра:** «Веселая машина» | **І.Математика негіздері Тақырыбы:**«Егістікте»**Мақсаты:** Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) математикалық ұғымдарын кеңейту. Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Анамыздың себетін толтырайық» **ІІ. Дене шынықтыру(негізгі қимылдар)** 1..Шеңберге кішігірім топтармен тұру; 2.Бағытты өзгертіп жүру; **Қимылды ойын:** «Арбакеш атайға көмектесейік» | **І. Дене шынықтыру** 1. Бағытты өзгертіп жүру;2.Шеңбер бойлап жүгіру; **Қимылды ойын:** «Әжемнің жіп шумақтарын жинайық **ІІІ.Жапсыру Тақырыбы:**«Күздің сыйы»**Мақсаты:** дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Желімді қылқаламға ұқыпты жағып алу дағдыларын жетілдіру **Дидактикалық ойын** «Жеміс пе, көкөніспе?» | **ІІ.Музыка** Тақырыбы : «Отбасы» **Мақсаты:** Отбасы жылулығын сезіндіру.Ата-анасына,бауырларына арнап ән үйрету. ***Ән тыңдау:*** «Келші,келші балашым» Е Хасанғалиев ***Ән айту:*** «Менің отбасым» Л.З.Аитова («Үш тілдегі әндер» жинағынан) ***Әуенді ырғақты-қимылды ойын:*** «Бәсең және көтеріңкі» Е.Хаса **І І. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:** «Аңсардың жанұясы»(суретке қарап әңгімелеу) **Мақсаты:** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету. **Дидактикалық ойын** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдыларын жетілдіру **Зерттеу жұмысын жүргізу** | | | | «Сөйлемді аяқта»(Атамның ...тақиясы, қамшысы .Әжемнің тәтті .... бауырсағы)<br>**І.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Жіп шумақтары»<br>**Мақсаты:** Дөңгелектердің суретін салуды үйрету, тоқыма өнері туралы түсінік беру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Әжейге қалпақ тоқуға көмектесейік» |
| Екінші ас | 10.20-10.25 | Балалардың назарын тағамға аудару | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Серуенге дайындық | 10.30-10.40 | Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру |
| Серуен | 10.40-12.00 | ***Серуен №1***<br>***Емдік шөптерді бақылау***<br>***Мақсаты:***<br>*- Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;*<br>*—Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру*<br>***Бақылау барысы:***<br>*Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:*<br>*-- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?*<br>*♦ Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? (онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>*♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? (шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>*♦ Итмұрын жемісі несімен бай? (А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>*♦Итмұрынды басқаша қалай атайды? (Иван-шәй)*<br>*♦Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? (салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>*Шәйқұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..*<br>*-- Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады. Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.*<br>***Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:***<br>*—Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;*<br>*—Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды;*<br>*—Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;;*<br>*—Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды.*<br>***Зерттеу жұмысы:*** *Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.*<br>***Еңбек:*** *Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау*<br>*Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.*<br>***Қ/О:*** *«Қасқыр қақпан»*<br>*Мақсаты:Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу*<br>***Жаттығу ойындары: Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу***<br>***Мақсаты; ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу*** |

<table>
<tr><td></td><td></td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td>12.00-12.20</td><td colspan="5">Киімдерді реттілікпен шешуге үйрету, мәдени-гигиеналық шаралар</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td>12.20-13.00</td><td colspan="5">Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, тауысып ішуге қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйқы</td><td rowspan="2">13.00-15.10</td><td colspan="5">Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау</td></tr>
<tr><td>Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату</td><td>Балаларға ұйықтауға жағымды жағдай жасау</td><td>Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату</td><td>«Құйыршық» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату</td><td>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату</td></tr>
